«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шарушылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

# АШЫҚ САБАҚ

Пәні: Қазақ әдебиеті

Тақырыбы: Ф. Оңғарсынованың өмірі мен шығармашылығы

«Өлең мен сені аялап өтем» 9 «З» сыныбы

Шымкент 2025ж


4



**Қысқа мерзімді жоспар**
**Қазақ әдебиеті**

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | **«Адам жанының құпиясы» бөлімі** | |
| **Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты :** | Назарбаева Қ.П. | |
| **Күні:** | 12.03.2025ж. | |
| **Сынып: 9 «З»** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Ф.Оңғарсынованың өмірі мен шығармашылығы. «Өлең мен сені аялап өтем» өлеңі. | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 9.2.2.1 автор бейнесіне талдау жасау;<br>9.2.2.2 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау | |
| **Сабақтың мақсаты** | ***Барлық оқушылар үшін:*** автор бейнесіне талдау жасап, шығармадағы ақынның көңіл-күйін анықтайды;<br>***Көпшілік оқушылар үшін:*** автор бейнесін талдап, шығармадағы ақын көңіл-күйінің ішкі сырларына үңіледі;<br>***Кейбір оқушылар үшін:*** шығармадағы автор бейнесіне талдау жасай отырып, ішкі терең жан-сырларына үңіледі, мысал келтіріп, дәлелдейді; | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басталуы<br>5 минут | **I.Ұйымдастыру кезеңі.**<br>1. Сәлемдесу, оқушыны түгелдеу;<br>Білім алушының зейінін сабаққа шоғырландыру.<br>**2.** «Жүректен-жүрекке» әдісі арқылы психологиялық жағымды ахуал туғызу.<br><br>Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасы: *«Әділдік және жауапкершілік» құндылығы білім алушыларды берілген тапсырманы өз бетімен орындауға, жауапкершілік сезімдерін оятуға баулу.*<br><br>**II.Психологиялық жағымды ахуал жасау.**<br>**Оқушыларды топқа бөлу.**<br>**«Мозайка» әдісі арқылы үш топқа бөлу**<br>**1 топ Тарих**<br>**2 топ Тұлға**<br>**3 топ Тағдыр**<br>**Топқа бөлінгеннен соң топтарға бағалау парақшалары таратылады .**<br><br>**III Үй тапсырмасын сұрау.**<br>WORDWALL платформасы арқылы Т.Айбергенов туралы сұрақтарға жауап береді.<br>1. Ақынның дүниеге келген жері.<br>2. Қай жылы Т.Айбергеновке Қазақстан комсомолы сыйлығы берілді<br>3. Т.Айбергенов қай жылы Ташкенттің Низами атындығы педагогика институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірді? | Оқушылар мұғаліммен сәлемдеседі, өзара бірін-бірі түгендейді, зейінін сабаққа аударады.<br><br>Оқушылар «Мозайка» әдісі арқылы үш топқа бөлінеді<br>1. Тарих<br>2. Тұлға<br>3. Тағдыр<br><br>Оқушылар біртіндеп тақтаға шығып өтілген тақырыптардың | *Ауызша мадақтау сөздері қолданылады «Өте жақсы», «Тамаша» Жарайсың! Керемет шешім!*<br><br>**Жалпы 2 балл**<br>***Дескриптор:*** | Оқу құралдары, интерактивті тақта, тақырыптық суреттер, сызба-кестелер, топ аттары жазылған тақтайшалар<br>https://vk.com/wall-52205638_6848 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 4. Ақын өлеңдері қай жылы республикалық баспасөздерде жарияланды?<br>5. Орыс тілінде қандай атпен таңдамалы өлеңдері басылып шығарылды?<br>6. Автор сағынышын қандай сөздермен жеткізді.<br>7. «Сағыныш» өлеңіндегі автордың негізгі ойын анықта.<br>8. Төлеген қандай ақын?<br>9. Ақын бойында кездесетін қасиет<br>10. Ақын өлеңі кімге арналған | сұрақтарына жылдам әрі шапшаң жауап береді. | • *Сұраққа жылдамжауап береді*<br>• *Өз ойын дұрыс мағынада білдіреді* | |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br> | **«Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастырының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.<br><br>**Берілген суреттерді байланыстырып, сабақтың тақырыбын анықтайды.**<br>  | Оқушылар сұрақтарға жауап береді. Осы мәліметтер арқылы оқушылар тақырыпты болжайды, керек мәліметті түртіп алады Оқушылар берілген суреттерді байланыстырып, сабақтың тақырыбын анықтайды | **Қ.Б:**<br>**Тамаша жауап!**<br><br>**Жақсы жауап!**<br> | Слайдтар<br><br>«Қазақ әдебиеті» оқулығы 9-сынып<br><br>**https://youtu.be/RkAypRiPyH8?si=9GFC4WHNyK7pxdKk** |
| Сабақтың ортасы<br><br>17 | **«Кинометафора» әдісі арқылы жазушының өмірі туралы ақпараттар беріледі.**<br>*Автор бейнесі- әдеби шығармадағы жазушының өз тұлғасын көру қалпы. Әр жанрдағы шығармаларда автор бейнесі әртүрлі дәрежеде әр қырынан аңғарылады.*<br>*Поэзиялық шығармаларда автор лирикалық тұлға ретінде танылады.*<br>*Лирикалық шығармада ақынның ішкі сыры, сезімі, толғанысы, яғни жеке авторлық тәжірибесі басқа жанрларға қарағанда айқын, анық бедерленеді. Өмір шындығын оқырман лирикалық тұлға позициясындағы автордың көзімен қарап, танып біледі.*<br><br>**1-тапсырма.** «Мағынаны тану» сатысы. Топтық жұмыс<br>***1. Тарих тобы.*** Кейіпкер паспорты арқылы Фариза туралы мәлімет толтыру. Әр топ өз жұмыстарын қорғау.<br> | Фариза Оңғарсынова өмірі мен шығармашылығы туралы бейнематериалды көреді.<br><br>Көрген бейнематериалды және оқулықтағы мәліметті байланыстыра отырып, әр топ берілген тапсырманы орындайды. Кейіпкер паспорты арқылы Фариза туралы мәлімет толтырады. Әр топ өз жұмыстарын қорғайды.<br><br>Оқушылар «Google» әдісі арқылы жауап береді. Google шеткі бөліктеріне өлеңдерінің идеясы | **Жалпы 2 балл**<br>***Дескриптор:***<br>• *Ақын өмірі туралы мәліметті тыңдайды;*<br>• *Кейіпкер паспорты арқылы мәлімет жазады*<br>• *Google әдісі арқылы ақын өлеңдерінің идеясы көрініс тапқан мәліметті анықтайды;*<br>• *«Сандар сөйлейді» әдісі арқылы Фариза* | Слайдтар<br><br>«Қазақ әдебиеті» оқулығы 9-сынып<br><br>Оқу құралдары, интерактивті тақта, тақырыптық суреттер, сызба-кестелер, топ аттары жазылған тақтайшалар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 4. Ақын өлеңдері қай жылы республикалық баспасөздерде жарияланды?<br>5. Орыс тілінде қандай атпен таңдамалы өлеңдері басылып шығарылды?<br>6. Автор сағынышын қандай сөздермен жеткізді.<br>7. «Сағыныш» өлеңіндегі автордың негізгі ойын анықта.<br>8. Төлеген қандай ақын?<br>9. Ақын бойында кездесетін қасиет<br>10. Ақын өлеңі кімге арналған | сұрақтарына жылдам әрі шапшаң жауап береді. | • *Сұраққа жылдамжауап береді*<br>• *Өз ойын дұрыс мағынада білдіреді* | |
| **Жаңа сабаққа кіріспе** | **«Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастырының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.<br><br>**Берілген суреттерді байланыстырып, сабақтың тақырыбын анықтайды.**<br>  | Оқушылар сұрақтарға жауап береді. Осы мәліметтер арқылы оқушылар тақырыпты болжайды, керек мәліметті түртіп алады Оқушылар берілген суреттерді байланыстырып, сабақтың тақырыбын анықтайды | **Қ.Б:**<br>**Тамаша жауап!**<br><br>**Жақсы жауап!**<br> | Слайдтар<br><br>«Қазақ әдебиеті» оқулығы 9-сынып<br><br>**https://youtu.be/RkAypRiPyH8?si=9GFC4WHNyK7pxdKk** |
| Сабақтың ортасы<br><br>17 | **«Кинометафора» әдісі арқылы жазушының өмірі туралы ақпараттар беріледі.**<br>*Автор бейнесі- әдеби шығармадағы жазушының өз тұлғасын көру қалпы. Әр жанрдағы шығармаларда автор бейнесі әртүрлі дәрежеде әр қырынан аңғарылады.*<br>*Поэзиялық шығармаларда автор лирикалық тұлға ретінде танылады.*<br>*Лирикалық шығармада ақынның ішкі сыры, сезімі, толғанысы, яғни жеке авторлық тәжірибесі басқа жанрларға қарағанда айқын, анық бедерленеді. Өмір шындығын оқырман лирикалық тұлға позициясындағы автордың көзімен қарап, танып біледі.*<br><br>**1-тапсырма.** «Мағынаны тану» сатысы. Топтық жұмыс<br>1. ***Тарих тобы.*** Кейіпкер паспорты арқылы Фариза туралы мәлімет толтыру. Әр топ өз жұмыстарын қорғау.<br> | Фариза Оңғарсынова өмірі мен шығармашылығы туралы бейнематериалды көреді.<br><br>Көрген бейнематериалды және оқулықтағы мәліметті байланыстыра отырып, әр топ берілген тапсырманы орындайды. Кейіпкер паспорты арқылы Фариза туралы мәлімет толтырады. Әр топ өз жұмыстарын қорғайды.<br><br>Оқушылар «Google» әдісі арқылы жауап береді. Google шеткі бөліктеріне өлеңдерінің идеясы | **Жалпы 2 балл**<br>***Дескриптор:***<br>• *Ақын өмірі туралы мәліметті тыңдайды;*<br>• *Кейіпкер паспорты арқылы мәлімет жазады*<br>• *Google әдісі арқылы ақын өлеңдерінің идеясы көрініс тапқан мәліметті анықтайды;*<br>• *«Сандар сөйлейді» әдісі арқылы Фариза* | Слайдтар<br><br>«Қазақ әдебиеті» оқулығы 9-сынып<br><br>Оқу құралдары, интерактивті тақта, тақырыптық суреттер, сызба-кестелер, топ аттары жазылған тақтайшалар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **2. *Тұлға тобы*** Google әдісі арқылы Фаризаның шығармашылығы жөнінде мәлімет жазу. Әр топ өз жұмыстарын қорғау<br><br><br>**3. *Тағдыр тобы.*** «Сандар сөйлейді» әдісі арқылы Фаризаның өмір жолы туралы қысқаша мағлұмат жазу. Әр топ өз жұмыстарын қорғау.<br><br> | көрініс тапқан мәліметтерді анықтайды.<br><br>Оқушылар өз топтарымен «Сандар сөйлейді» әдісі арқылы Фариза туралы мағлұматтарды жазып, сандардың мағынасын ашады. | *туралы мағлұматтарды жазып, сандардың мағынасын ашады.*<br><br>Ауызша мадақтау сөздері қолданылады «Өте жақсы», «Тамаша» Жарайсың! Керемет шешім! | |
| 20 минут | **2-тапсырма**<br>«Галереяны шарлау» әдісі . Әр топ талқыланған мәселе дайындалған кестені сәйкестендіру, кесте толтыру сұрақ -жауап арқылы өз жұмысын ұсыну идеяларын қорғау<br>*Видеоролик өлең Ақынның өз даусымен оқыған өлеңін тыңдату.*<br><br>Г.Мүсірепов: «Бұдан недәуір ертерек жылдарда жаста болса қалам ұстасының беріктігіне өзі әбден сенген кезінде Фариза атақты «Өлеңін» жариялаған еді. Ақынның бұл шығармасын мен өмірлік программасы екен деп түсініп едім. Әлдеңеден мұңайған кезде біреудің пасықтығынан жүрегі мұздаған кезде, кешегі досының бүгін жерінгенін көргенде, жарылып кетердей болған кезде, Фаризаның досы, мұңдасы, серігі, сырласы, атар оғы, берер дәрі-дауасы-поэзиясы болмақ-ты,»<br><br>Көркем әдебиеттегі психологизм табиғаты – бүгінгі таңдағы әдебиеттану мен сында өте жиі сөз бола бастаған күрделі теориялық тәжірибелік мәні мол мәселе. Психологизм әр түрлі шамада эпос, драма, лирикаға бірдей тән. Әдебиеттің негізгі қаруы адам болғандықтан, оның рухани әлемін, ой-сезімін, түсінік-түйсігін, дүниетанымын, ішкі қайшылықтарын ашып көрсету – суреткердің негізгі міндеттерінің бірі. | Тапсырманы орындау барысында оқушының **оқылым** және **жазылым** қабілеті дамиды. | Жеке бағалау әдісі 1-10 балдық жүйе арқылы оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады. |  |

***1. Тарих тобы: Берілген үзінділерден ақынның мінезін тауып сәйкестендіру.***

| | | |
|---|---|---|
| Біреудің күлкісін көріп,<br>Бақыттының түр-түсін көріп,<br>Шаттанып қалған шағымда,<br>Жеткендей арман-сағымға,<br>Қуаныштан дірілдеп денем,<br>Алдыңа күлімдеп келем. | | Намысшыл, батыл |
| Кешегі "доспын" дегеннің<br>Минутта жерінгенін көріп,<br>Кімнен өшімді аларымды білмей,<br>Кімдерге кінә тағарымды білмей,<br>Алдыңа лапылдап келем,<br>Жарылуға жақындап келем. | | Ақ, жомарт көңіл |
| Біреудің пасықтығынан,<br>Біреудің жасып мұңынан,<br>Жүрегім сыздаған кезде,<br>Жаным мұздаған кезде<br>Мен сені саялаймын. | | Доска адал |

***2. Тұлға тобы:***
***Үзіндіден ақынның эмоциясын, өлеңнің ақын өміріндегі маңызын анықтау.***

| Үзінді | Ақынның эмоциясы | Өлеңнің ақын өміріндегі маңызы |
|---|---|---|
| Күлкімді жайлы күнімді, азапты қайғы-мұңымды өзіммен бөліскенің үшін. | Қуаныш, қайғы | Қуанғанда, қайғырғанда ақынға өлең демеу болады. |
| Жүрегім сыздағын кезде, жаным мұздаған кезде мен сені аялаймын | Уайым, жалғызсырау | Ақын жалғыз өзі қиналған сәтте өлең жанынан табылады. |
| Кешегі «доспын» дегеннің Минутта жерінгенін көріп | Реніш, көңілі қалу | Баянсыз достыққа қатты налып, өлеңді дос етеді. |

***3. Тағдыр тобы:***
***«6 неліктен сұрағы» арқылы өлең жолдарынан ақынның көңіл-күйін анықтау.***

«6 неліктен» сұрағы арқылы өлең жолдарынан ақынның көңіл-күйін анықтаңыздар.

Оқушылар берілген өлең жолдарынан ақынның мінезін тауып сәйкестендіріп, талдайды.
Үзіндіні оқып, өз пікірлерін айтады

Үзінділердегі ақынның эмоциясын анықтап, өлеңнің ақын өміріндегі маңызын айтады.
Ақпаратпен тиянақты жұмыс жасайды,өз жұмыстарын топпен талқылайды, жұмыстарына терең сараптама жасау арқылы өз білімдерін, түсінігін кеңейтеді.

Оқушылар ақынның өлеңдегі көңіл күйін «6

***Жалпы 3 балл***
***Дескрипторлар***

- *Өлеңдегі ақынның мінезін тауып, эмоциясын анықтайды;*
- *Өлеңнің ақын өміріндегі маңызы жайлы пікірін білдіреді;*
- *Өлең жолдарындағы ақынның көңіл-күйін анықтайды;*

**Қ.Б:**
**Тамаша жауап!**



**Жақсы жауап!**



| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1. Неліктен ақын өлеңді аялайды?<br>2. Неліктен ақын өлеңнен сая табады?<br>3. Ақын неліктен күлімдейді.<br>4. Ақын неліктен ашуланады?<br>5. Ақын неліктен өлеңмен қоштаспады?<br>6. Неліктен ақын өлеңді қиын тағдырына балайды?<br><br>**Жауабы:**<br>1. Ақын өлеңді өмір бойы серігі, сенімі болғаны үшін аялайды.<br>2. Пасық адамдарға ренжіген кезде өлеңнен сая табады.<br>3. Айналадағы адамдардың қуанғанын, өзінің бақытты сәттерін басынан өткергенде күлімдейді.<br>4. Қайғылы сәттерде қасынан табылмаған достар үшін, адамдардың адал болмағаны үшін ашуланады.<br>5. Қателіктері мен жеңістерін өлеңмен бөліскені үшін өлеңмен қоштаспады.<br>6. Өлең, өнер жолы да ақын өмірі іспетті қиын, күрделі.<br><br>***Өлеңдегі құндылықтар.***<br>*1. Өлеңді ардақтай білу, аялай білу*<br>*2. Жаман пасықтық мінез-құлықтардан жиіркеніп, адамгершілікті болуға баулиды.*<br>*3.Өлең оқыған оқырманның ойына сұлулық, әсемдік, сырлы сезім ұялатады.*<br>*4. Өмірде төзімді бола білуге қалыптастырады.*<br>*5. Қайғы мұңнан арылтып, ұшқыр қиялдай білуге үйретеді.*<br>*6. Жағымсыз ойдан жиіркеніп, жақсылыққа, адамгершілікті құндылығына тәрбиелейді.*<br><br>*Сергіту сәті:* «Армандар картасы» әдісі арқылы сурет салу<br><br>**3-тапсырма.** «Ізденіру» тәсілі арқылы сынып оқушылары шығармаға талдау жасайды.<br>**"Өлең, мен сені аялап өтем" өлеңіне сатылай кешенді талдау жасайды.**<br><br>Авторы:<br>Тақырыбы:<br>Идеясы:<br>Жанры:<br>Құрылысы:<br>Көркемдік ерекшелігі:<br>Метафора:<br>Кейіптеу:<br>Анафора:<br>Эпифора:<br><br>**Бекіту. «Бір минуттық» тәсілі.**<br>Сабақта алған ақпараты мен түйген ойы бойынша «Бір минуттық» тәсілін қолданып, өз ойларын айтып, қорытынды жасау. | неліктен сұрағы» арқылы анықтайды.Сұрақтарға жауап береді және қорытынды жасайды.<br>Барлық үзінділерді талдау нәтижесінде өлеңдегі психологизмді жеткізеді.<br><br>Оқушылар өлеңдегі құндылықтар жайында айтып шығады.<br><br>Өлең, мен сені аялап өтем...» өлеңін құрылымына талдау жасайды.<br>Шығарманың авторын, тақырыбын анықтайды.<br>Жанр түрі мен шығарманың идеясы айтады.<br>Шумағы, бунағы, тармағы, буын санын, ұйқас түрін анықтайды. | ***Жалпы 3 балл***<br>***Дескрипторлар***<br>• *Өлеңін құрылымына талдау жасайды.*<br>• *Тақырыбын анықтайды;*<br>• *Көркемдік ерекшелігінт алдайды;*<br>**Қ.Б:**<br>**Тамаша жауап!**<br><br>**Жақсы жауап!**<br> |  |
| Сабақтың соңы | **Рефлексия** | Білім алушылар кері | | |




**Үйге тапсырма: Ә. Тәжібаевтің пікірін негізге ала отырып ойтолғау жазу.**
Ә. Тәжібаевтың: «Абай бастаған ұлы ақындары бар елде қыздан шыққан Фаризасы болу да қазақ елі үшін керемет жарасым. Мен осы жарасымды көргеніме бақыттымын», деген пікірі сендерді қандай ойға жетелейді? Осы пікірді негізге ала отырып, ойтолғау жазыңыздар.

байланыс жасайды.
Үйге тапсырма алады.

| Саралау. | Бағалау. | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау |
|---|---|---|
| **Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз?**<br>**Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?**<br><br>1.Оқушылардың деңгейін ескере отырып, сабақ мақсатын саралаДым.<br>2.Үй тапсырмасын сұрау кезінде оқушылардың деңгейін ескере отырып қоямын.<br>3.Білім алушылар жұмыс барысында жалпы оқу мақсатқа сәйкес тапсырмамен жұмыс істейді, бірақ әр баладан әртүрлі нәтиже күтемін.<br>4.Уақытқа жұмыс жасау жылдамдығын саралаймын.<br>5.Тапсырманы орындау кезінде күтілетін нәтижені саралаймын. | **Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?**<br>1.Ауызша кері байланыс мұғалім жетекшілігімен жасалады, әрі өзара бағалау жүреді.<br>2. «Бір +, бір - » тәсілі | 1.Оқушылардың денсаулығын сабақтың өн бойында жіті бақылап, ерекше көңіл бөлуді назарда ұстаймын. Осы сабақта қолданылатын қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтарын ескеремін.<br><br>2.Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Барлық тапсырмалар балалардың жасерекшелігіне сай жасалған. |

**Жалпы бағалау**
Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.
1: автор бейнесіне жақсы талдау жасай алды
2: шығармаларындағы психологизмді анықтап, талдай алды.
Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.
1: Сергіту сәті
2:
Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері / қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?
1: Оқушылар "Өлең мен сені ойлап өтем" өлеңіндегі ақынның бейнесі
2: мен көңіл-күй сезімін жан-жақты талдау жасады.


Елінің
еңлік
гүлі
Үлкен тұлға
туралы
кішкентай шолу
Фариза Оңғарсынова